

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 15 қарашадағы N 358 Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 312 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.08.2016 № 312 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 2 шілдедегі N 3578 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 30, 268-құжат, 2001 ж., N 23, 2 8 2 - қ ұ ж а т) :

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссия туралы Ережеде:

5 - тармақ алынып тасталсын;

8-тармақтағы "тоқсанына кемінде бір рет" деген сөздер "қажеттігіне қарай, жылына кемінде екі рет" деген сөздермен алмастырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. Комиссияның жұмыс органының функциялары Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне жүктеледі .

Жұмыс органының функциялары Комиссия айқындаған мерзімге және күн тәртібіне сәйкес отырыстарға материалдар дайындау, оларды Комиссия мүшелеріне, мемлекеттік органдарға және мүдделі ұйымдарға жіберу, Комиссия отырыстарының хаттамаларын ресімдеу, іс жүргізу, сондай-ақ Комиссия туралы осы Ережеге сәйкес өзге де функциялар болып табылады";

2) "Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссияның құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 5 8 ө к і м і н е :

Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Тоқаев Қасымжомарт - Қазақстан Республикасының
Кемелұлы Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан

Республикасының Сыртқы істер
министрі, Комиссия төрағасы,
Қанешев Біржан - Қазақстан Республикасының
Бисекенұлы Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат
бөлімінің меңгерушісі, Комиссия
төрағасының орынбасары,
Рябченко Олег - Қазақстан Республикасының
Григорьевич Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім бірінші вице-министрі,
Комиссия хатшысы,
Құсайынов Әбілғазы - Қазақстан Республикасының
Қалиакпарұлы Индустрия және сауда
вице-министрі,
Шәмшиденова Күләш - Қазақстан Республикасының
Ноғатайқызы Білім және ғылым вице-министрі,
Тоқсейітов Марат - Астана қаласы Суретшілер одағы
Төлегенұлы басқармасының төрағасы (келісім
бойынша);
аталған Комиссияның құрамынан: Ә.Кекілбаев, Ә.А.Асқаров, Е.Қ.Ертісбаев,
Б.Т.Жұмағұлов, Ж.І.Қуанышев, А.П.Максимов, К.Пірімқұлұлы шығарылсын.
Қазақстан Республикасының
Президенті